

«Күншуақ»бөбекжай –бақшасы

Бекітемін: *Асаф*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ»

Тәрбиеші : Аманжолова Г

Таушық 2025жыл

«БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ»

Мақсаты: Экологияны зерттеу арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті құрал- жабдықтар:

Ыдысқа салынған құм (біреуіне құрғақ ,екіншісіне ылғалды құм)

Үрлеуіштер. Су қасықтар, воронка, таразы, салфетка және әртүрлі формадағы ойыншықтар, стакандар.

1.Құмның Қасиеттерін зерттеу

- Сәлеметсіздер ме балалар ?

- Сәлеметсіз бе апай.

Балалар біздің бүгінгі оқу іс – әрекетіміз ерекше болмақ.Бүгін біз зертханада құм мен суға тәжірибе жасайтын боламыз . Алдымен мен сендерге құмның пайдасын түсіндіріп кетейін.Құм ол табиғи материал. Құмның энергиясы мықты болады. Ол адамның бойындағы жағымсыз энергияларды өз бойына сіңіріп алады тыныштандырады.Құм терапиясы тіпті үлкен кісілерге ем ретінде психологтар кеңінен пайдаланады. Құмды 1 жастан асқан балалар мен бастауыш сынып оқушыларына дейін қолданады. Құмды түрлі түске де айналдырамыз. Әр түрлі борларды үккіштен өткізіп құмға араластырсақ басқа түске айналады.Біз әр түрлі құмды сурет салу кезінде кеңінен қолданамыз. Ендеше алдымыздағы заттарға назар аударайық.

- Алдымызда не бар балалар?

- Құм

- Мынау не ?

- Құмға арналған түрлі түсті пішіндер.

- Жарайсыңдар.

- Ендеше мен сендерге түсіндірейін. Балалар біздің алдымызда екі түрлі құм бар.

Бірінші ыдыстағы құрғақ екінші ыдыстағы ылғалды топырақ, яғни бұл топырақтың құрамында су бар.

Мынау құрғақ құм . Бұл құмды алып құйғышпен шыныға құйып көреміз.Қараңдаршы балалар құрғақ құм құйғыштан өтті ме?

- Өтті

Енді ылғалды құмды өткізіп көрейік. Құйғыштан өтті ме ?

- Жоқ өтпеді.

- Неліктен деп ойлайсыздар ?

- Себебі ылғалды құмның бойында су болғандықтан бірігіп қалады сондықтан құйғыштан өтпеді.

- Жарайсыңдар балалар.

Ендеше алдымызда тұрған ыдысқа назар аударайық . Ол ыдыстың ішінде де құрғақ және ылғалды құм салынған. Осы құмдарды түрлі түсті пішіндермен басып көрейік қай құм өзінің пішінін сақтайды екен?

- Алдымен құрғақ құмға жасап көрейік. Құрғақ құм пішінін сақтады ма?

- Жоқ.

- Неліктен ?

- Себебі бұл құрғақ құм. Құрғақ құм бірікпейді.

- Өте дұрыс. Құрғақ құм пішінін сақтай алмайды екен.

- Енді ылғалды құмды түрлі түсті пішіндерге салып көрейік.

- Ылғалды құм пішінін сақтады ма?

- Ия. Ылғалды құм пішінін сақтады.

- Жарайсыңдар балалар. Ылғалды құммен құрғақ құмның айырмашылығын түсіндік пе?

- Иә
- Енді, осы құрғақ және ылғалды құмды таразыға салып көрейік. Қай жағы салмақ тартты?
- Ылғалды құм. Себебі бойында су бар
- Дұрыс айтасындар, балалар.

Қорытынды: Екі бағандағы құмды тәжірибе барысы осылай зерттедік.

2. Зерттеу әдісі. «Су және ауа»

Судың тіршілік иелері: адамдар, құстар, жануарлар, жәндіктер, өсімдіктер т.б. үшін атқаратын рөлі өте зор. Өйткені: Барлық тіршілік иелері сумен қоректенеді, өседі, өнеді.

Суды зерттеу барысында қасиеттерімен танысатын боламыз.

Судың қасиеттері: Түссіз, дәмсіз, жылыға ериді, салқынға қатады.

Ауада тіршілік иесі үшін өте қажет, ауа болмаса тіршілік болмас еді. Ауа көрінбейді, түсі жоқ дәмі жоқ, ауа барлық жерде көрінбей тұрады.

Су мен стакан ішіндегі ауаны зерттейміз.

Стаканда су құйылып тұр. Енді стакандағы судың бетін жұмсақ материалмен жауып, қолымызбен екінші жағына айналдырып, сәл ұстай тұрып, қолымызды аламыз. Су төгілді ме?

- Жоқ
- Дұрыс, су төгілген жоқ, өйткені ауа материал мен судың ортасында тұрып қалып, суды шынының ішіне қарай итереді, қысым пайда болады. Бұл зерттеуде ауа зор рөл атқарады.

Енді алдымызға берілген ыдыстағы суды үрлегішпен үрлеп көрейік. Үрлегенде су ішінде көпіршіктер пайда болды ма?

- Ия.
- Ол балалар ауа. Біздің ішкі демімізден шығып тұрған ауа.
- Менің қолымдағы не балалар?
- Құстар.
- Біз осы құстарды мұрынымызбен іштегі ауаны тартып ауызбен сыртқа шығару арқылы үрлейміз, құстарды ұшырамыз.

- Ұнады ма балалар?
- Иә. Жарайсындар. Бүгінгі зертқанадағы тәжірибе ұнады ма сіздерге?
- Иә
- Біз неге тәжірибе жасадық?
- Су, құм, ауа.
- Жарайсындар балалар. Сендер өте алғыр балалар екенсіңдер. Сау болындар балалар.

Қорытынды: Экологияны зерттеу әдісі арқылы балалардың танымдық қабілеттері дамып, табиғатқа деген құштарлықтары арттыру.



